

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№23 (136) ЖҰМА

4 шілде 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

ҰЛЫТАУ ТӨРІНДЕГІ ҰЛЫҚТАУ

Жыл сайын бір айналып келетін кәсіби мерекесін қай кәсіп иесі болса да кәдімгідей күтіп жүретіні жасырын емес. Өйткені, арада өтетін бір жыл - істелген істің қорытындылау, алдағыны жоспарлау. Әрине, мереке сәтінде сән – салтанаттың басым түсетіні айтпаса да белгілі. Ұлытаудың төрінде, яғни облыс орталығында өткен БАҚ қызметкерлерін марапаттауға арналған жиын да осындай жоғары деңгейде өтті.



Облыстағы бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін Ұлытау облысының әкімі Д. Рысбеков, облыстық мәслихат төрағасы Б.Шыңғысов және т.б. құттықтады.

Биыл аймақ телевизиясының ардагері Шамхан Рахметов «Құрмет» орденімен, Жаңаарқа аудандық газетінің бас редакторы Салтанат Ералина мен «Saryarka» газетінің бас редакторы Жаннұр Тілемісова «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

«Ұлытау» телеарнасының режиссері Аманкүл Арымбекова «Еңбек ардагері» медалімен, «Жезказганский вестник» газетінің тілшісі Валентина Одинцова, «Ұлытау» газеті бас редакторының орынбасары Қайрат Жұмабаев, «Шарайна» газетінің жауапты хатшысы Мейрамкүл Алпысбаева «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісінің иегерлері атанды. «Қазыналы өңір» газетінің техникалық редакторы Айгүл Сағынтайқызы ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің Құрмет грамотасымен, «Сарыарқа» газеті бас редакторының орынбасары Меруерт Наурызбаева ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің Алғыс хатымен марапатталды.

Бірқатар БАҚ өкіліне Ұлытау облысының Құрмет Грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты табыс етілді.

Жыл сайын берілетін «Ular» сыйлығын иеленгендер арасында «Аймақ ақшамы» газетінің дизайнері Венера Қабиеваның болғаны біз үшін өте қуанышты жағдай болды. Ол «Мәнер мен атқарымдылық үшін» номинациясының жеңімпазы болып табылды.

Ұлытау облысы әкімінің құны 1 млн. теңге тұратын «Ұлытау облысы журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін» арнайы сыйлығы «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның құрметті журналисі Мағзұмбек Машайықұлы мен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, еңбек ардагері Шахмұрат Ибадатовқа табысталды.

ҚҰРМЕТТІ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді Жезқазған қаласында өтетін «Ұлы Дала Самалы мен Дәмі» фестиваліне шақырамыз!

Күні: 5 шілде Уақыты: 17:00

Өтетін орны: Жезқазған қаласы, Кеңгір су қоймасы, Амфитеатр (Ротонда)

Сіздерді:

Концерттік шара

Дәмді гастрономиялық ашылулар

Көрікті батпырауықтар ұшыру

Марапаттау рәсімі күтеді

Отбасыңызбен және достарыңызбен бірге келіп, ерекше күнді бірге өткізіңіз!



УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ И ГОСТИ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ!

Приглашаем вас на фестиваль «Ветер и Вкус Великой степи», который пройдет в городе Жезказган!

Дата: 5 июля Время: 17:00

Место проведения: город Жезказган, водохранилище Кенгир, Амфитеатр (Ротонда)

Вас ждут:

Концертная программа

Вкусные гастрономические открытия

Зрелищный запуск воздушных змеев

Церемония награждения

Приходите с семьей и друзьями — проведем этот особенный день вместе!

ЖЕЛІЛЕР ЖАҢАРТЫЛУДА

«Қыстың қамы – қазірден» демей ме? Қала басшылығы қысқы жылду беру маусымына әзірліктің жай – күйін саралап отыратын арнайы штаб жұмысын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Штабтың кезекті отырысын қала әкімі М.Бөрібаев өзі жүргізді.



Биыл қаладағы осыдан жарты ғасырдан бері мұртына балта тимеген магистральдық жылу желілерін жаңалау қолға алынды. №1 магистраль бойынша «Сарыағаш Аман» ЖШС, №2 магистраль бойынша «АСТАНАИНЖ-КОМСТРОЙ» ЖШС және Құрманғазы, Аманжолов, Бәйсейітова көшелеріндегі кәріз желілерін қайта жаңғыртуды «ЖАНЕМ» ЖШС қолға алды. Жұмыс қарқыны жаман емес, кестеге сай жүргізілуде.

Әрине, қала тұрғындарын «қара қар» мәселесі толғандыратыны сөзсіз. Бұл мәселе де қала басшылығының жіті назарында екені байқалады. Қазіргі

кезде Жылу орталығының қазандықтарына эмульгаторлар орнатылып жатыр. Сонымен қатар, қазандықты сапалы көмірмен қамту мәселесі де назарда сырт қалған емес. Әрине, көмір жаққасын түтіні болмай тұрмайтыны белгілі. Бірақ, тиісті деңгейден аспайтын болса дейміз ғой.

Қала басшылығы бұл бағытта қол қуысырып қарап отырған жоқ, жанды жұмыс жүргізіп жатыр. Еңі бастысы да – осы. Бүгінгі жұмыс ертең күз келіп, қыс басталғанда өзінің оң нәтижесін беруі тиіс.

Абдолла ДАСТАНОВ.

«БАЛДЫРҒАН» ДА БЕЙНЕСІН ӨЗГЕРТЕДІ

Қаладағы «Балдырған» балабақшасы 1956 жылы пайдалануға берілген екен. Содан бері 70 жылға жуық уақыт өтсе де, мұнда ешқашан күрделі жөндеу деген болмаған көрінеді. Соның сәті биыл ғана түсті.

Балабақша ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу мақсатында облыстық бюджеттен арнайы қаржы қарастырылды. Қазіргі кезде жұмыс қызу қарқынмен жүріп те жатыр.

Жөндеу барысында ғимараттың қасбеті мен шатыры жаңартылып, ағаш конструкциялар өртке қарсы өңдеуден өткізілді, жаңа терезелер орнатылды,

инженерлік жүйелер — кәріз, жылу және электр желілері толық ауыстырылды. Ғимараттың ішкі әрлеу жұмыстары жалғасын табуда.

Жөндеу жұмыстары балалар мен қызметкерлерге қауіпсіз әрі жайлы жағдай жасауға бағытталған.

**Сәтбаев қаласы әкімінің
баспасөз қызметі.**



► МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

«УНИВЕРСАМ» МАҢАЙЫНДА НЕ БОЛЫП ЖАТЫР?

Ертелетіп қоңыраулатқан ағамыз «Мынау не? «Универсамның» алдын неге қопарып жатыр? Басқасы басқа өзі әзер өсіп тұрған ағаштарды түбімен қопарып жатқаны несі?» деп бастырмалата жөнелді. Әрине, ол кісінің жанайқайынтүсінуге болады. Бірақ, мәселенің жай – жапсарын мен қайдан білемін? Жөпелдемеде не айтарымды білмей, «жауабын газеттен оқырсыз» деп, екпінін басқандай болғанмын. Сәтбаев қаласы әкімінің баспасөз хатшысы Назерке Аханқызы біздің сұрағымызға төмендегідей жауап қайтарған еді. Енді міне, сол жауапты жариялап отырмыз.

«Универсам» дүкені маңындағы шағын скверде абаттандыру жұмыстары басталды. Жоба аясында ұзындығы 152 метр болатын жүргінші жолағы толық жаңартылып, қалыңдығы 6 см калоромикс типті жаңа тротуар плиткалары төселеді.

Жаяу жүргіншілерге қолайлы орта қалыптастыру мақсатында ішкі жарықтандыру жүйесімен жабдықталған доға пішіндес аркалар орнатылады.

Жол жиегіне көгал төселіп, декоративті гүл отырғызылған вазондар қойылады. Тұрғындардың жайлы демалысы үшін заманауи үлгідегі орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылады.

Абаттандыру аясында алаңдағы 30-ға жуық жасыл желек арнайы суару жүйесі бар аумаққа көшіріліп, қайта отырғызылады.

Аталған жұмыстар қаланың көркі мен тұрғындардың жайлы демалысы үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

Міне, «Универсам» дүкені маңайында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде қысқаша жауап осындай. Түсінгеніміз, сәтін салса қаланың орталығында тағы бір әсем де әдемі аллелея пайда болады!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

Бет қатталып жатқанда: «Универсам» дүкенінің алдынан басталған қайта жаңғырту жұмыстары «Дом одежды» дүкенінің маңайында да жалғасын табатыны жөнінде хабар келіп түсті. Бұл туралы газеттің келесі шығарылымында толығырақ жазатын боламыз.



«ҚАЙТҚАН МАЛДА ҚАЙЫР БАР»

Елімізден кезінде заңсыз шығарылып шетел асып кеткен немесе негізсізден негізсіз жеке қалталарды толтырып кеткен қаржы біртіндеп мемлекетке қайтарылып жатқаны туралы ақпараттар дүркін-дүркін жарияланып жатады.

Халқымызда «қайтқан малда қайыр бар» дейтін салиқалы сөз бар. Сол айтпақшы, қайтарылған активтердің игілігін халқымыз қазір сәл де болса сезіне бастады.

Осындай жолмен қазынамызды молайтқан қаражаттың қызығын енді ұлытаулықтар да көретін болады. Өйткені, қайтарылған активтер есебінен Ұлытау облысына 4 миллиард

теңгеден астам қаражат бөлінді. Бұл қаржыға 11 нысан салынатын болады. Бұл деген өте сүйінішті жағдай ғой. Сондықтан, заңсыз иеленген активтердің ел қазынасына тоқтаусыз қайтарылуын қамтамасыз етіп жатқан азаматтарға алғыс айта отырып, онды іс жалғасын таба берсін дейік.

Ай Нұр

► АГРОӨНЕРКӘСІПТІК СЕКТОР

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ДАМЫТАМЫЗ?

Ұлытау облысының аумағы негізінде ұланғайыр аймақты алып жатыр. Оның ішінде ауыл шаруашылығына қатысты 18 млн. гектардан астам жер көлемі бар. Қалауын тапса, осы байтақ далада мыңғыртып мал өсіріп, жайқалтып егін егуге болады деп ойлаймыз. Алайда, саладағы жағдай дәл қазір біз ойлағандай емес. Оған облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алмат САУҚЫМОВПЕН әңгімелесу барысында көзіміз жете түсті. Алмат Өмірзақұлы бұл саладағы басшылық тізгініне үстіміздегі жылдың ақпан айында ые болғанымен, 2007 жылдан бері салық комитеті, Кеңгір селолық округінің әкімі, Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары сияқты қызмет жолдарынан өткен тәжірибелі мемлекеттік қызметкер. Біз онымен әңгімелесу барысында облыстың ауыл шаруашылығын қалай дамытуға болады деген сауалға жауап іздеуге тырыстық.

- Алмат Өмірзақұлы, жалпы Ұлытау облысында ауыл шаруашылығы саласын өркендетудің алдағы мүмкіндіктері қандай? Саланың қазіргі жағдайын қалай деп бағалауға болады?

- Жер көлемі ауқымды болғанымен, шөлейтті аймаққа жататын біздің өңірдің өзіндік проблемалары бар. Өңірде су көздері тапшы. Аграрлық сектордың негізгі тірегі – құнарлы жер екені белгілі. Бізде топырағы тозған, қуаң жер көп. Топырақтың құнарын сақтап, тозған жерді тыңайту шаралары қажет. Ол үшін геоботаникалық және гидрогеологиялық зерттеулерге сүйенуге болар еді. Бірақ, мұндай ғылыми сараптау жұмыстарының барлығы ауқымды қаржы талап еткендіктен әзірше бұл жобалармен айналысуға дайын емеспіз. Шаруашылықтардың жерді пайдалануға қатысты міндеттерін орындауға мұқият болуын талап етудеміз.

Дегенмен, Мемлекет басшысының алға қойған міндеттеріне сәйкес агро-өнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту, саланы тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу, жер телімдерін пайдалануды қамтамасыз ету сияқты шаралар қолға алынуда. Үстіміздегі жылдың 5 айының қорытындысы бойынша облыста 20,0 млрд. теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілді. Жылдан жылға мал басы да өсіп келеді. Мәселен, ірі қара 139,1 мыңнан 205,6 мың басқа, жылқы 188,3 мыңнан 190,8 мың басқа жетті. Егістік алқабының көлемі 32 мың гектарды құрап отыр. Саланы өркендетудің алдағы жоспарларын айқындау үстіндеміз.

- Мал шаруашылығын дамытуда жемшөп қорының тапшылығы жайлы айтылып жүр. Бүгінгі таңда мал басын өсіруде маңызды орын алатын осы мәселені шешу жөнінде қандай шаралар іске асырылуда?

- Иә, бізде, әсіресе Ұлытау ауданының кейбір шаруашылықтарында мал азығының жеткілікті қорын жасауда елеулі қиыншылықтар бар. Алғабас, Мибұлақ ауылдарының шаруашылықтары жемшөптің қосымша қорын сырт жерлерден алуға мәжбүр. Сон-

дықтан бұл проблеманы екпе шөп алқаптарын игеріп, суармалы технологияны енгізу арқылы шешу жолдары қарастырылуда. Қазіргі таңда ішкі нарықты құнарлы жемшөп қорымен қамтамасыз ету мақсатында жалпы көлемі 1 мың гектарды құрайтын суармалы алқапқа екпе шөп егу бойынша 4 инвестициялық жобаны жүзеге асыруды қолға алдық. Оның ішінде 2 жоба агроөнеркәсіп кешені сала-сындағы инвестициялық жобаларды жеңілдетілген несиенен қаржыландыру бағдарламасы аясында, 1 жоба шаруашылық иесінің өз қаржысы есебінен, ал тағы 1 жоба басқа қаржы институттары арқылы жүзеге асырылу үстінде. Жаңаарқа ауданындағы «Бірлестік» шаруа қожалығы 12 мың бас қой өсіріп отыр. Жемшөп қоры үшін олар Манақа су қоймасын пайдалану арқылы 300 гектарға арпа екті. Субсидия арқылы жаңбырлатып суаратын қондырғы алды. Осы аудандағы «Мирас» шаруа қожалығы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның қаржылай қолдауымен жаңбырлатқыш қондырғы алып, шағын алқапқа жоңышқа мен арпа дақылын өсірумен айналысып жүргендеріне биыл үшінші жыл. Атап айтарлығы, несиеге алған бұл техниканың 50 пайыз құнын субсидия арқылы мемлекет төледі.

Ұлытау ауданында суармалы өсімдік шаруашылығын дамыту бойынша «Исмаил» шаруа қожалығы ауқымды жобаны жүзеге асыруда. Шаруашылыққа ірі мөлшерде жеңілдетілген несие беріліп, заманауи жаңбырлатып суару қондырғыларын, ауыл шаруашылығы техникаларын және инфрақұрылым нысандарын сатып алып, орнату жұмыстары жүргізілуде. Жобаны биылғы жылы толық іске қосу жоспарланған.

Жалпы, суды үнемдейтін технологияны қолданушыларға мемлекет тарапынан тиісті субсидия қарастырылған. Біз осыған орай суармалы жемшөп алқабын игеретін шаруашылықтардың жаңбырлатқыш қондырғыларды лизинг арқылы алуларына қолдау көрсетеміз. Сонымен қатар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы арқылы мұндай жобаларға субсидия беру мүмкіндігі де бар. Алайда, суар-



малы алқаптарды дамытуда су көздерінің тапшылығы қолбайлау болуда. Мәселен, қолда бар су қоймаларын пайдаланудың түйінді тұстары көп, оған тиісті министрліктер мен ведомстволардың арнайы рұхсаты керек.

- Қос қаланың азық-түлік белдеуін жасауда картоп пен көкөніс алқаптарын игерудің маңызы зор. Бұл іспен айналысатын шаруашылықтар құрылды ма?

- Биыл облыста 1 мың гектар жерге көкөніс пен картоп егілді. Қос қаланың сұранысын қамтамасыз етуде, әрине бұл теңізге құйған тамшыдай ғана. Сондықтан болашақта бұл дақылдардың танабын ұлғайтудың әртүрлі жолдары қарастырылуда. Мәселен, «Самға» ЖШС Талап селолық округі аймағынан 1500 гектар алқапты игеріп, Жезді су қоймасынан суару арқылы картоп пен көкөніс шаруашылығымен айналысу жобасын ұсынып отыр. Бұл жобаға су қорғау аймағына қатысты рұқсат алу керек. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, экология департаменті сияқты тиісті құрылымдардың рұқсатымен қойма суын заң шеңберінде пайдалану тетіктері қарастырылуда.

- Ауыл тұрғындарын табысты жұмысқа ұйыстыруда «Ауыл аманаты» бағдарламасының маңызы зор. Облыста бұл жобаны іске асырудың жайы қалай?

- «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 2023 жылы облысқа 3 370 млн. теңге қаржы бөлінген екен. Осы қаражат есебінен өз кәсібін ашуға ниеттенген 420 ауыл тұрғынына шағын несие берілген. Өңірімізде мал шаруашылығы кеңінен дамығандықтан несиелендірудің 90% жуығы мал шаруашылығын құруға бағытталды. Бағдарлама бойынша несие алушылар 1214 ірі қара, 3958 жылқы, 903 бас қой малын және 20-ға жуық ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарын сатып алды.

- Ұмытпасам, үстіміздегі жылдың наурыз айында облыс делегациясы құрамында Түркияға барып келдіңіз. Сол сапардан біздің өңірде қолданып, пайдаға асатындай іс-тәжірибе ала алдыңыздар ма?

- Түркия мемлекетіне жұмыс сапарымыздың басты мақсаты сол елдің агроөнеркәсіп саласының даму бағытымен жақынырақ танысып, облысымызға серпін беретін инвестициялық жаңа жобаларды тарту болды. Сапар барысында Түркиядағы ірі тауарлы сүт фермаларының және суармалы жабдықтар шығаратын зауыттардың жұмысымен таныстық. Жоғарыда айтып өткен, суармалы егістік бағытын қамтитын 4 инвестициялық жобаның іске асырылуы сол жұмыс сапарының нәтижесі десек болады.

Мұның сыртында биыл қолға алынып жатқан ірі инвестициялық жобалар туралы да айта кетейін. «Исмаил» шаруа қожалығы Сәтбаев қаласы аумағына жататын 2 мың гектар жерде 1200 бас сауын сиырға арналған ферма ашу жөнінде бизнес жоспар жасады. Жемшөп қоры суармалы жер арқылы шешіледі. Жаңа технология бойынша жабдықталатын фермада сүтті тереңдетіп өңдеп, айранға, қаймаққа, майға айналдыру жолдары қарастырылмақшы. Бұл жобаға 2-2,5 млрд. теңге қаржы қажет, ол әлі шешілген жоқ. Түгіскен ауылындағы «Жеңіс» шаруа қожалығы 13 мың қой, 6 мың бас ірі қара өсіріп, 5 мың бас малды бордақылайтын кешен құралы отыр. Жобаның құны 2 млрд. теңге. Бұған «Ұлытау» ӘКК несие берді. Негізінде «Ұлытау» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына ауылды дамытуға арналған жобалары үшін қаржы көзін біз беріп отырамыз. Бұл кешенді мал басымен толықтыру үшін шаруа қожалықтары бірікпесе болмайды. Бірігу арқылы 1200 бас мал Айнабұлақ ауылында, 1000 бастан Кеңгір мен Ералиевте бөлініп бағылады. Келесі жылы тағы басқа ауылдарды қатарға қосу қарастырылған. Осы ауқымды жобаны биылғы жылдың аяғына дейін жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Сондай-ақ, мемлекеттің қолдауы арқылы жылына 5 мың тонна тауық етін өндіретін құс фабрикасын, 10 мың тонна өнім сақтайтын көкөніс қоймасын іске қосу жобалары қолға алынуда.

Ауыл шаруашылығын дамытудың қазіргі таңдағы негізгі жобалары осындай. Әрине, түпкі нәтижесін алдағы уақыт көрсетеді.

- Алмат Өмірзақұлы, агроөнеркәсіптің бүгінгі ахуалына біршама қаныққандай болдық, рақмет! Бұл салада әлі көп шаруаларды қолға алу қажеттігі байқалады. «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» демекші, алдағы уақытта ауыл шаруашылығы дамып, халқымыздың алтын бесігіне айналған ауылдарымыз өркендей берсін дейміз.

Әңгімелескен
Амандық РАХҰЛЫ

БАҚ АРҚЫЛЫ ҚҰРМЕТ, АБЫРОЙ ТАПҚАНДАР!



«ӘРБІР СӨЗ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК БАР»

(Ұлытау облысының әкімі
Дастан Адайұлы Рысбековтің
құттықтау сөзінен)

«Ақпарат құралдары тек жаңалық жеткізуші емес, қоғамдық пікірді қалыптастырушы, әлеуметтік бағдар беруші және мемлекет пен халық арасындағы алтын көпір.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыруда адал әрі сенімді ақпарат таратушы журналисттерге үлкен үміт артылады.

Қоғамдағы оқиғаларды дер кезінде, шынайы әрі әділ жеткізу - бүгінгі журналисттің басты міндеті.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен өзін блогер ретінде таныстыратын



жекелеген азаматтар өздері тарататын ақпараттардың шынайылығы мен олардың салдары үшін толық жауапкершілікті сезінуі тиіс.

Танымал болуға және көпшіліктің назарын аударуға ұмтылған (хайп) кейбір тұлғалар толық емес, жалған ақпараттарды (фейк) таратуға баруда. Мұндай әрекеттер қоғам ішіндегі ахуалды ушықтырып, әлеуметтік шиеленістерді тудыруға және жұмыс үрдісіне нұқсан келтіруде.

Осы ретте, блогерлердің тексерілген ресми деректерге сүйенгенін және көтеріп жатқан мәселелерді жан-жақты зерттеп анығын білгеннен кейін қоғамға жеткізуді дұрыс деп санаймын.

Блогерлер тарапынан кей-кезде азаматтардың жеке басына да тиісуде. Әрбір сөз үшін, әрбір іс үшін қоғам мен заң алдында жауапкершілік бар екенін ұмытпау керек».



ҚҰТТЫ БОЛСЫН БАР МАРАПАТ, МАҚТАУЛАР!



«СІЗДЕРДІҢ ЕҢБЕКТЕРІҢІЗ – ӨЛШЕУСІЗ!»

(Сәтбаев қаласының әкімі
Мұрат Ерболатұлы Бөрібаевтың
құттықтау сөзінен)

Құрметті журналистер, ақпарат саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз — Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ақпарат айдынында аянбай еңбек етіп, қоғам мен билік арасындағы алтын көпір болып жүрген сіздердің еңбектеріңіз – өлшеусіз.

Жаңалықты жедел жеткізу, халықтың үніне айналу – үлкен жауапкершілік пен кәсібилікті талап етеді.

Бүгінгі күн — сіздердің жанкешті жұмыстарыңызға алғыс айтып, шынайы құрмет білдіретін сәт. Сіздер күн сайын ел мүддесі жолында қалам мен камераны серік етіп, әділдік пен шындықтың жаршысы болып келесіздер.

Құрметті БАҚ қызметкерлері!

Сіздерге шығармашылық шабыт, сарқылмас қуат, мықты денсаулық және толағай табыстар тілеймін!

Мереке құтты болсын!



ПРАВА ЧЕЛОВЕКА

КАЗАХСТАН: КАРДИНАЛЬНЫЕ ПЕРЕМЕНЫ В БОРЬБЕ С ПЫТКАМИ И ЗАЩИТЕ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА

Право каждого человека на защиту от пыток и жестокого обращения является неотъемлемым и абсолютным, закрепленным в «Всеобщей декларации прав человека» и ряде международных документов, к которым Казахстан присоединился, включая «Конвенцию против пыток», «Международный пакт о гражданских и политических правах» и «Факультативный протокол к Конвенции против пыток».

За последние годы Казахстан принял значительные шаги по искоренению пыток и созданию эффективной системы защиты прав человека.

Благодаря масштабным реформам, инициированным по поручению Главы государства, система борьбы с пытками претерпела кардинальные изменения, став более прозрачной и эффективной.

Одним из ключевых шагов стало усиление законодательства. Уголовный кодекс был усовершенствован, четко разделяя понятия «пытка» и «жестокое обращение» с усилением ответственности за такие преступления.

Для обеспечения объективности и независимости расследования, дела о пытках теперь находятся исключительно в подследственности прокуратуры, что гарантирует беспристрастность и справедливость правосудия.

Новые стандарты в системе досудебного расследования, такие как обязательная видеозапись допросов и судебных заседаний, значительно повысили уровень прозрачности и помогли предотвратить возможные злоупотребления.

Кроме того, внедрение системы «сплошного видеонаблюдения» в учреждениях уголовно-исполнительной системы (УИС) и органах полиции, исключаяющей так называемые «слепые зоны», стало важным инструментом защиты прав граждан и самих сотрудников правоохранительных органов.

Серьезные изменения произошли и в сфере медицинского обеспечения заключенных.

В 2023 году медицинская служба пенитенциарных учреждений была передана в ведение Министерства здравоохранения, что обеспечило независимость медицинских работников и высокий уровень медицинского обслуживания. Теперь проводятся обязательные медицинские осмотры и освидетельствования после применения силы и специальных средств, что играет важную роль в защите прав осужденных.

Важным шагом стало создание удобных механизмов для подачи жалоб. Во всех колониях установлены «терминалы для подачи электронных обращений», с возможностью видеофиксации, что гарантирует оперативное реагирование на все поступающие обращения.

Принятые меры уже дали ощутимые результаты.

В 2024 году количество зарегистрированных фактов пыток сократилось на 50% по сравнению с предыдущим годом, а количество прекращенных дел снизилось на 40%.

При этом доля дел, переданных в суд, выросла до 34%, что демонстрирует высокий уровень раскрываемости преступлений и неотвратимость наказания.

Одним из важнейших инструментов профилактики стал «Национальный превентивный механизм (НПМ)», успешно функционирующий более десяти лет по модели «Омбудсмен+».

Число объектов, находящихся под мониторингом НПМ, увеличилось почти в шесть раз — с 597 до 3,5 тысяч.

В составе 20 региональных групп работают 105 независимых специалистов, включая врачей, правозащитников и социальных работников, деятельность которых осуществляется автономно от государственных органов, что гарантирует объективность и беспристрастность проверок.

За последние два года проведено более 5 тысяч посещений закрытых учреждений, по результатам которых в государственные органы направлено свыше 6 тысяч рекомендаций, направленных на улучшение условий содержания и медицинского обслуживания.

Наряду с НПМ, с 2023 года в регионах успешно реализуют свой мандат представители Омбудсмана, которые занимаются мониторингом исполнения рекомендаций, а также проводят обучение и просветительскую работу по вопросам защиты прав человека. За два года они осуществили около 1,5 тысяч посещений и выдали более 1,6 тысяч рекомендаций, многие из которых устраняются на региональном уровне в кратчайшие сроки.

Принимаемые меры получили высокую оценку международного сообщества. Казахстан представил Национальный доклад на «Универсальном периодическом обзоре ООН», где реформы в области борьбы с пытками были признаны значительным шагом на пути к построению справедливого общества.

Сегодня Казахстан демонстрирует свою приверженность принципам защиты прав человека и продолжает последовательную работу в этом направлении.

Проводимые реформы не только обеспечивают соблюдение международных обязательств, но и положительно отражаются на жизни граждан, создавая условия для справедливого и гуманного общества. Впереди еще много задач, и их решение возможно только при совместных усилиях государства, гражданского общества и международных партнеров.

А.КАРИМОВ,
представитель Уполномоченного по правам человека в РК по области Ылытау

МЕМЛЕКЕТ ҚЫЗМЕТІ

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ОРГАНДАРЫМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

Құқықтық статистика органдары арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің 4 түрі бар.

Бұлар:

-соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру;

-прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою;

-Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамаларды және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру;

-адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде мемлекеттік қызметтің келесі түрлерін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізілуде.

Атап айтқанда, «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАЗ) тіркеліп, қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету немесе ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез-келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтердің нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы, ал анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болғанда Мемлекеттік корпорация арқылы да жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Мемлекеттік корпорация филиалының мекен-жайын таңдау

арқылы шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі қарастырылған, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз нысанында ғана жіберу мүмкін болатын.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні.

«Комитеттің және оның аумақтық департаменттерінің мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алу үшін электрондық сауалдарды жіберу сервис порталы жұмыс жасайды. Қызметтің нәтижелері Мемлекеттік корпорациясы арқылы алынады.

Қазіргі таңда, адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беру мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырылды.

Квзимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адамның сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны немесе жасамағаны туралы мәліметтер ұсынуға міндетті.

Бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын, қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады.

ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Ылытау облысы бойынша департаменті


ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ЖЕТІСТІК НЕГІЗІ – АДАЛ ЕҢБЕК

Балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Жұмысшы - мерейлі мамандық» тақырыбында қарапайым жұмыскер жандармен кездесу кеші өтті.

Өскекең ұрпаққа жұмысшы мамандықтарын дәріптеу, адал еңбекті бағалауға үндеу мақсатын алға қойған кешке Ылытау облысының және Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанның Еңбек Ері Т.Мақышев пен қаламыздағы ұлттық киім тігу шеберханасының иесі, тігінші А.Байболатова болды. Кездеуге келген «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары тарапынан қонақтарға көптеген сұрақтар қойылды, ой, ұсыныс, пікірлер легі емін – еркін ортаға салынды. Жастар әсіресе, құмар ойынға әуестік, әлеуметтік желіде өтетін пайдасыз уақыт, тез әрі жеңіл ақша табуды көксеуің тәрізді пайдасынан зияны басым жәйттерді қозғады.

Кездесуге шақырылған жұмысшы мамандығының иелері кез келген үлкен жетістіктің артында – еңбек тұратынын баса айтып, қала жастарын талмай ізденуге, адал еңбек етуге шақырды. Олар жастармен өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіби білікті маман болудың қыр-сырымен бөлісті. Жастардың көкейкесті мәселелерін де естіп-біліп, өз ой-пікірін қосқан кездесу



қонақтары жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренудің жолын көрсетті. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» деген ұлы Абайдың сөзіне үлкен мән жатыр. Кеш қонақтары да осы сөздің әліге дейін маңыздылығын сөз етті. «Елдіміз, халқымыз тек адал еңбек арқылы ғана дамып-өркендейді» деді кеш қонақтары.


А.БЕКТАС



ОВЕН. На этой неделе ваши действия принесут неожиданный результат — не совсем тот, на который вы рассчитывали, но ценный. Лучше отказаться от прямолинейности в общении и прислушиваться к словам других. В любовных вопросах — тонкая грань между страстью и недопониманием.



ТЕЛЕЦ. Ваша интуиция будет работать без сбоев — главное, не игнорировать внутренние сигналы. Финансовая ситуация стабилизируется ближе к пятнице, но не спешите тратить лишнее. Возможны приятные встречи с людьми из прошлого, которые напомнят о ваших сильных сторонах.



БЛИЗНЕЦЫ. Неделя принесет мощный прилив вдохновения, особенно если вы заняты творческой или интеллектуальной деятельностью. Важно не распыляться — держите фокус на одном главном направлении. В среду вас может ожидать небольшая проверка на самообладание. Не втягивайтесь в споры — сохраняйте энергию для собственных целей.



РАК. Вы почувствуете, как многое начинает проявляться — особенно в сфере личных желаний. Кто-то из близких может проявить неожиданную заботу — не отталкивайте человека, даже если вам непривычно. Суббота станет благоприятным днем для принятия важного решения, которое долго откладывалось.



ЛЕВ. Ваша харизма будет на пике — используйте это преимущество для укрепления авторитета в коллективе или семье. Однако ближе к выходным вас может поджидать энергетический спад. Позвольте себе день без обязательств — это не слабость, а восстановление ресурса.



ДЕВА. Неделя пройдет под знаком внутреннего порядка. Вы неожиданно для себя захотите пересмотреть привычки, график, окружение. Хорошее время, чтобы наладить распорядок сна или отказаться от лишнего. Возможен неожиданный успех в мелком деле, которое вы уже давно начали, но не придавали значения.




ВЕСЫ. Главное — сохранять баланс между тем, что вы хотите, и тем, что вам нужно. Вас могут отвлекать чужие эмоции и чужие задачи — но это не ваша обязанность. В середине недели возможны важные новости, которые повлияют на ваше финансовое положение. Будьте честны с собой — не притворяйтесь, что все хорошо, если на душе неспокойно.




СКОРПИОН. Неделя обострит ваше чутье на фальшь — вы быстро будете распознавать ложь и манипуляции. Главное — не превращаться в обвинителя. Лучше направьте энергию на практические цели: обновите то, что давно требует внимания. В любви могут возникнуть острые разговоры — но они необходимы для очищения отношений.



СТРЕЛЕЦ. Вы будете стремиться к движению, переменам, новым впечатлениям. Хорошее время для коротких поездок, смены обстановки, начала хобби. Остерегайтесь излишней импульсивности в финансах. Кто-то может предложить вам необычный проект — подумайте дважды, прежде чем сказать «да».



КОЗЕРОГ. Вас ждет неделя серьезных размышлений. Появятся идеи, которые изменят ваше отношение к работе, планам, даже к себе. Не бойтесь мечтать — именно сейчас рождаются реалистичные стратегии. В отношениях может возникнуть необходимость прояснить границы. Пятница и суббота — дни для самоанализа и переоценки.



ВОДОЛЕЙ. Вы удивите окружающих своей решимостью. Даже в условиях неопределенности вы покажете стабильность и твердость. Возможны неожиданные разговоры, которые перевернут ваши представления о человеке. Старайтесь не строить догадки — лучше уточняйте напрямую.



РЫБЫ. Неделя принесет постепенное возвращение внутреннего спокойствия. Особенно в тех вопросах, где раньше вы теряли контроль. Станет легче отпускать то, что не ваше. Кто-то может попросить о прощении — вы сами решите, готовы ли вы это дать. Возможны приятные открытия о себе. Уединение в выходные поможет восстановить силы и ясность.

СКАНВОРД

НЕИЗБЕЖНОСТЬ			1														БОРИС С "ДОКТОРОМ ЖИВАГО"
КОЛБАСА КУСОЧКАМИ	ЗАМАРАШКА В ГРЯЗНОЙ ТРЯПЬЕ		1	ХИМ. ЭЛЕМЕНТ В ЧЕСТИ КОНТИНЕНТА		ПРЕДСТАВИТЕЛЬ НАРОДА В ДАГЕСТАНЕ		МУЖ. ИМЯ		БОКОВИНА НАСЫПЫ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ							
						СКАЗОННЫЙ ПЕНТАГОН ПОД МАШИНОЙ ГОВОРЯЩЕГО КОЗУ											
	УСКОРЕННАЯ КИНОСЪЕМКА		ЕГО НЕТ БЕЗ ДОБРА					СИДЕЛЦЫ ЗА РЕШЕТКОЙ		3							
						НЕВЕСЕЛАЯ ДОЛЯ		ВНУК ЭДИТЫ ПЬЕХИ									
	ЮГ НА МОРСКОМ КОМПАСЕ		ЛЕПЕШКА ИЗ ЯИЦ					ФРАНЦУЗСКАЯ АКТРИСА БЕРНАР		КОТЕЛОК ДЛЯ ПЛОВА		ТУШЕНЫЕ ОВОЩИ		БИЗНЕС-ПЕРЕКУС			
				ЖЕНА ПЕТРОВСЯНА	ЗАМЫКАЕТ АЛФАВИТ ГРЕКОВ		ЗАСЕЧКА НА ДЕРЕВЕ					СЧЕТЫ, ЧТО БЫЛИ В ХОДУ В ДРЕВНЕМ ВАВИЛОНЕ		УЗЕЛОВОЕ ПИСЬМО ДРЕВНИХ			
	ПРИДУМАЛ ПОНЧИКА И ТЮБИКА		АНСАМБЛЬ ИЗ 2-Х "БЕ" СЕЛЫЕ...					МОСКОВСКАЯ ТЮРЬМА ВОСПЕТАЯ ШУФУТИНСКИМ									
			3				СЛАДКИЙ КАРТОФЕЛЬ		Роль			2					
СТРАНА ЮЖНЕЕ ЗАИРА			ВЛЮБЛЕННАЯ ПАРОВИКА									ДОЛКА ЧЕСНОЧНОЙ ГОЛОВКИ		ШАНСОНЫЕ САЛЬВАТОРЕ...		ДЕНЕЖНЫЙ РАСХОД ОТСЮДА, ШАЮЩИЙ КОШЕЛЕК	
ЭСТРАДНЫЙ ПОМОЩНИК							ЛАПЧАТЫЙ ЛЕС										
КОМЕДИАНТИН БИН ВНЕ ЗКРАНА			"ВОЗЬМИТЕ" В ГРУБОЙ ФОРМЕ									ИТОГ УДАЧНОГО ХУКА	ИСТОРИЯ ДЕНЕГ		ДВОРЕЦ "МОНЫ ЛИЗЫ"		
				ШНИТКА ТЕТКА ХИЧКОКА	СЕЛЯНИН В ЛЬКОВОЙ ОБУВЬЕ		ХИТРОЕ ОБМАННОЕ ДВИЖЕНИЕ	НЕТРОНУТАЯ ЗЕМЛЯ		РАБСТВО ЗА ДОЛГИ							
	ЛАЯЛА НА ПАЦИЕНТОВ АЛЕКОЛИТА		УНОСИ ГОТОВЕВНОГО									БЕЗ НЕЕ УПЕЛЕТЫВАЕТ ДРАКОНИЦЫ	РЕЧНОЙ ВОДОВОРОТ				
				СТОЛИЦА ДРЕВНЕЙ АРМИИ				ПОРУЧИК РЖЕВСКИЙ И РОСТОВА		СЕРДЦЕВИНА ЯВЛЕНИЯ					4		
	ЖУРАВЛИНЫЙ "КОСЯК"		УДИЛИЩЕ С КАТУШКОЙ											БЛЕСК НАВЕДЕННЫЙ НА ШТИФТЫ	БРИЛЛИАНТОВАЯ МЕРА	РЕКЛАМНЫЙ ФИЛЬМ	
												ТАК ЗОВУТ РОКЕРА БОРЗОВА				ИНДИЙСКАЯ КНЯЖНА	
							УПЛЕВОДОРОД		2					ВЕЩАЯ КОЛДОКА КАРТ			
										ЗВАНИЕ НЕЛЬСОНА							
						БЛАЖЕННОЕ ТОМЛЕНИЕ	СОВРЕМЕННЫЙ БРИТАНСКИЙ БАЛЬНЫЙ ТАНЕЦ							ШАРИАТСКИЙ СУДЬЯ			
ИННА, СЫГРАВШАЯ В "НАЧАЛЕ"										ЛАСКОВОЕ ИМЯ ИРИСА							

Анекдоты, анекдоты...



Попали на необитаемый остров американец, француз и казах. И, естественно, их поймал людоед. Стали горемыки плакать и просить, чтобы их отпустил злодей. А злодей оказался не очень злой и поставил им условие: отпустит того, кто его удивит. Сам посадил всех троих в глухие пещерки и дал по два металлических шара. Ровно через сутки заходит к французу и видит: стоит француз посреди пещеры, руки за спиной, а шары сами поднимаются вверх и опускаются. Удивился людоед и выпустил француза. Заходит к американцу: стоит американец посреди пещеры, руки за спиной, а шары по всей пещере друг за другом гоняются. Выпустил он американца и пошел к казаху. Через пять минут бежит и кричит:
— Эй, не уходите. Я вас все-таки съем!
— Как! Ты же удивился!
— Да, но тот третий меня сильно удивил.
— Что же такого он сделал?
— Представляете, он умудрился сидеть в глухой и пустой пещере, один шар потерять, а другой поломать!

— В центре Москвы открылся новый, необычный VIP-магазин по продаже мозгов. После официальной церемонии открытия приглашенные и гости начали обход по залам магазина в роли потенциальных покупателей. Подходят покупатели к первой витрине — на обычной подставке размещен средних размеров мозг, со средним количеством извилин.
Покупатели спрашивают:
— Сколько стоит этот мозг?

Им отвечают:
— 5 тысяч долларов США.
— А чей это мозг?
— Это мозг русского.
— А почему так дорого?
— Так там добавлены мозги Ломоносова, Менделеева.
Покупатели с восхищением проходят дальше.
Подходят к следующей витрине. На такой же обычной подставке находится чуть побольше мозг, уже с большим количеством извилин.
— А сколько стоит этот мозг?
— 10 тысяч долларов США.
— А чей это мозг?
— Это мозг еврея.
— А почему так дорого?
— Так там добавлены мозги самого Эйнштейна.
Покупатели с еще большим восхищением идут дальше.
Теперь покупателям предлагают пройти в отдельную комнату. Комната очень больших размеров, оборудована охраной и сигнализацией, посреди нее стоит позолоченная подставка, а на ней под стеклянным куполом в бликах подсветки находится обычный мозг. Покупатели восторженно спрашивают:
— А сколько стоит этот мозг?
— 50 тысяч долларов США.
— А чей это мозг?
— Это мозг казаха.
— А почему так дорого?
— Так он еще в «масле».

ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛДАҒЫ МЕРЕКЕ

«Ұлытау облыстық әмбебап кітапханасында» Қазақстан Журналистер одағының Ұлытау облысы бойынша филиалының ұйымдастыруымен БАҚ қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын болып өтті.



Облыстық филиалы төрағасы Э. Алпанбаева құттықтау сөз сөйлеп, белгілі журналист Сара Кәрімсаттарқызы Смағұлға «Қазақстанның құрметті журналисі» төсбелгісін табыстады.

«Қазыналы өңір» газетінің бас редакторы Ә. Құрбаласова, «Ұлытау» газетінің бас редакторы Ә.Оспанова, Жаңаарқа аудандық газетінің тілшісі Қ. Төлеутай, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Ұлытау облысы бойынша филиалының халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау бөлімінің басшысы Д. Оразалина, «Ақшам» телеарнасының

тілшісі Н. Жаңабекова, «Ulytau» облыстық телеарнасының аға режиссері Н. Шарападин, ҚР Журналистер Одағының мүшесі Г. Әшірбекова Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің бір тобына «Қызмет» Салалық кәсіподағының Ұлытау облысы бойынша филиалының Алғыс хаты табыс етілді.

Берік Рахимберлин мен Мейрамкүл Саяжанқызы Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылданды.

Ізтөлеу ТҮСІП.

АЛҒЫС

ҚҰТҚАРУШЫҒА – ҚҰРМЕТ

Төтенше жағдайлар министрі генерал-майор Шыңғыс Әріновтің бұйрығымен Сәтбаев қаласының тұрғыны Жүрсін Тайғараев «Суға батқандарды құтқарғаны үшін» ведомстволық медалімен марапатталды.



Жүрсін Тайғараев суға батып бара жатқан жерінен көзі түсіп, екі баланы құтқарып қалған еді. Екі балаға екінші рет өмір сыйлаған азаматтың батылдығы, батырлығы, та-

бандылығы және жоғары азаматтық жауапкершілігі осындай марапаттамаға лайық деп танылды. Өте дұрыс!

Ұлытау облысының Төтенше жағдайлар де-

партаментінде өткен салтанатта облыстық ТЖД бастығы Есен Байыров медальды иесіне табыстап, алғыс лебізін жеткізді.

(Өз тілшімізден)

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады.

Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТАРИХ ТАҒЛЫМЫ

«АЛЖИР» – АЗАП АПАНЫ

Бұрын сырттай есітіп жүрсек те, «Алжир» музейіне барудың сәті жақында ғана түсті. Біздің көргеніміз кешегі қасапты жылдардан қалған жәдігерлер. Ал, солардың өзінің кісіге әсері қандай десеңізші!



Қазақстан халқы Ассамблеясының бір топ өкілдері, соның ішінде осы Ассамблея жанында Ақсақалдар алқасының мүшесі ретінде осы сапарда болғандардың көргендері мен көңілге түйгендерінің ешқашан ұмытылмайтына еш күмәнім жоқ. Лагерьде болғандардың қандай азапты сәттерді бастан кешіргендерін мұнда жан-жүрегіңмен сезінеді екенсің. Әрбір жәдігерге қараған сайын бойыңды

қорқыныш, үрей билейді. Қаншама әйелдер осы жерде жан азабын, тән жарасын тартқанын түйсінудің өзі санаға әжептәуір салмақ салады. Музейді ұйымдастырушылардың оған келушілер өткеннің қиыншылықтарын басынша сезінетіндей етіп жасағандары байқалады. Меніңше, мұнда барған адам музейді тамашалау үшін емес, өткен тарихтың ауыр беттерін парақтау үшін баруы тиіс.



Еңсемізді ауыр зіл басты. «Мұндайды енді қайыра елдің басына түсіре көрме» деп Жаратқанға жалбарындық. «Рухтары шат болсын!» деген ниетпен «Алжир» құрбандарына дұға бағыштап, Құран оқыдық.

Ибраһимғабидолла ӘЛКЕЕВ,
«Германиядағы Кеңес әскерінің тобы және Варшава келісім шарты әскерінің тобы» Ардагерлері Республикалық Қоғамдық бірлестігі Ұлытау облысы филиалы Сәтбаев бөлімшесінің мүшесі.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1109

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.